

28. 688

Ә 49

28. 688



СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ХАЙУАНАТТАРДЫ ҚОРҒАУ

28. 688

Ә 49



СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ХАЙУАНАТТАРДЫ ҚОРҒАУ

Ш. ӘЛИЕВ • А. БЕКЕНОВ • Х. ҚЫДЫРБАЕВ

**Сирек
кездесетін
хайуанаттарды
қорғау**

«ҚАЙНАР» БАСПАСЫ • АЛМАТЫ • 1975

УДК 59. 615; 59. 006: 502. 74

Қазіргі кезде табиғат байлықтарын қорғау, оны тиімді пайдалану мәселесіне айрықша көңіл аударылып отыр. Сол халық қазынасының бірі — дәмді ет, сәнді тері беретін жабайы хайуанаттар дүниесі. Өлкемізде бұл байлық қоры аса мол. Дегенмен, біздегі қарақұйрық, мензбир суыры, арқар, қоқиқаз, ақ тырна, дуадақ сияқты 60-тан астам аң-құс түрлерінің тым азайып кеткені барша жұртқа аян.

Авторлардың бұл кітабында республика жерінде саны сиреп кеткен не жойылып кетуге таяу тұрған аң-құстар жайлы кеңінен әңгімеленеді. Олардың таралуы, қоры, өніп-өсуі, биологиялық ерекшеліктері баяндалады. Бұл аң-құстарды қорғау мен санын көбейту мәселелері сөз болады. Халықаралық «Қызыл кітапқа» енгізіліп жатқан аң-құс түрлерінің қорғалуы да осында айтылады.

Кітап табиғат әуесқойларына, оны қорғаушыларға, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

А $\frac{0048-006}{M 403(07)-75}$ 146—74.M

Табиғат — халық қазынасы. Адамның бар тіршілігі табиғатқа байланысты; күш-қуатты, бар игілік пен жақсылықты ол табиғаттан алады. Сондықтан да ұлы көсеміміз В. И. Ленин «Табиғат — адамзатқа қажетті барлық материалдық игіліктің бірден-бір қайнар көзі», — дей келін, оны асқан ұқыптылықпен пайдалану керектігін ескерткен болатын. Міне, лениндік осы идеялар қазіргі кезде елімізде кеңінен жүзеге асырылып келеді.

Әсіресе, біздің заманымызда ғылым мен техниканың шарықтап өсуі, ауыр индустрияның, алып құрылыстардың кең қанат жаюы, қала мен селоларда халық санының көбейе түсуі жағдайында табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды үнемді пайдалану — аса маңызды мемлекеттік міндеттердің біріне айналып отыр. Халық шаруашылығы жоспарының табысты орындалуы мен халықтың әл-ауқатының тез қарқынмен өсе түсуі де алдымен табиғаттың ұшан-теңіз байлықтарын — орман, су, жайылым мен шабындық, құнарлы топырақ, пайдалы кен қазбалары, өсімдік пен жануарлар дүниесін қорғаумен тығыз байланысты. «Жері байдың — елі бай» деп халық тегін айтпаған. Ел ырыстарына ұқыптылықпен қарау міндетіміз.

Сол үшін де Коммунистік партия мен Совет үкіметі табиғат қорғау ісін үнемі қамқорлыққа алып келеді. Мәселен, 1972 жылдың сентябрінде СССР Жоғарғы Советінің сессиясы арнайы мәселе қарап, «Табиғатты қорғауды одан әрі жақсарту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Сол жылдың декабрь айында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту жайында» қаулы қабылдап, еліміздің экономикасын одан әрі өркендету және халықтың еңбек, демалыс жағдайларын жақсартуда орасан зор маңызы бар мәселеге үлкен қозғау салды. Бұл мемлекеттік маңызды шара.

Дегенмен, республикамызда жан-жануарлар дүниесін сақтау және олардың қорын молайту жөнінде жүргізілген бірқатар шараларға қарамастан, қазіргі кезде біздің өңірде жабайы аң-құстардың 60-тан астам түрінің саны азайып, құрып кетуге жақын екендігі 1973 жылдың март айында Қазақ ССР Ғылым академиясының Зоология институты мен Қазақтың табиғат қорғау қоғамы ұйымдастырған «Қазақстанда құрып кету қаупі төніп тұрған және сирек кездесетін аң-құстарды қорғау және оларды көбейту» мәселесіне арналған республикалық ғылыми-шаруашылық кеңесінде жан-жақты әңгіме болды. Бұл бағалы жануарлар қорының кеми түсуі, бір жағынан, адам баласының табиғатты игеру жөніндегі әрекетіне (тың және тыңайған жерлерді игеру, орман ағаштарын кесу, суландыру және тағы басқалар) байланысты болса, екіншіден, браконьерліктің кең өтек жаюынан болып отырғандығы айқын байқалады. Сондықтан да Қазақстанда саны

азайып бара жатқан хайуанаттарды қорғау — бүкілхалықтық іс болып отыр. Міне, осы мәселеге Қазақтың табиғат қорғау қоғамының орталық Советі председателінің орынбасары Ш. Ж. Әлиев және биология ғылымының кандидаттары А. Бекенов пен Х. Қыдырбаевтың «Сирек кездесетін хайуанаттарды қорғау» атты кітабы да арналған.

«Сирек кездесетін хайуанаттарды қорғау» — өте пайдалы, жүгі салмақты еңбек. Мұндағы авторлардың шын ықыласты әңгіме еткен біраз жайлары туған еліне, оның байлығына жаны ашитын жұртшылық қауымды қатты ойландыруға тиіс.

Кітаптың алғашқы тарауында еліміздегі табиғат қорғау проблемасы жан-жақты сөз болса, одан кейінгі бөлімдерінде Қазақстанда саны азайып кеткен аң-құс түрлері, олардың биологиялық ерекшеліктері, өніп-өсуі, мінез-құлқы және олардың жеке түрлерін қорғау шаралары баяндалады. Бұл еңбектің соңғы тарауында хайуанаттарды қорғаудың халық шаруашылық маңызын айта келін, республикамызда келешекте қоры азайып бара жатқан хайуанаттар санын өсіруге бағытталған шаралар ғылыми деректерге сүйене отырып әңгімеленеді.

Жалпы алғанда бұл кітап аңшылық шаруашылығы қызметкерлеріне, аңшыларға және жалпы оқырман қауымға табиғат байлықтарының бірі — республикамызда сирек кездесетін аң-құстар туралы пайдалы кеңес беретін туынды.

Авторлардың қазақ жері ұшан-теңіз, ұлан-байтақ болса да, оның байлықтары түпсіз терең, таусылмайтын мұхит емес, сондықтан да оларды сүю, қорғау, мөпелеу керек деп үн көтеруі орынды да. Өйткені, осы қоғам байлығына ұқыптылықпен қарау, оларды бүкіл халықтың мүддесі үшін қорғау және тиімді пайдалану социалистік қоғамның бұлжымас заңы.

Х. АРЫСТАНБЕКОВ,
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Табиғат қорғау тұрақты комиссиясының председателі, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ПРОБЛЕМАСЫ ЖӘНЕ «ҚЫЗЫЛ КІТАП»

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы адамзат тарихында жаңа заман ашты. Ұлан байтақ елімізде Совет өкіметі орнады да, жас мемлекеттің күш-қуатын, экономикасын және халқымыздың әл-ауқатын жақсарту шаралары кезек күттірмейтін ең негізгі мәселелердің бірі болып, табиғат байлықтарын үнемді пайдалану және олардың қорын молайту үшін шаралар қолдану міндеті тұрды. Болашақты көрегендікпен болжай білген данышпан көсеміміз В. И. Лениннің тікелей басшылығымен Совет өкіметі осы істі жүзеге асыруға алғашқы күннен-ақ кіріскені жұртқа мәлім.

Жер қай заманда болмасын адам баласының ата-мекені және халық игілігіне жарайтын табиғаттың мол байлығының бірі болып келеді. «Жері байдың — елі бай», «Байлық анасы — жер» деген нақыл сөздер жердің адам баласына берерінің орасан мол екендігін аңғартып тұрғандай. Сондықтан да жерді және оның байлықтарын национализациялаудың Ленин жасаған социалистік теориясы — табиғат ресурстарын пайдалану және қорғау жұмыстарының мәнін, негізгі бағытын және даму жолдарын көрсетті, оның жүзеге асуына нұсқау болды. Табиғатты қорғау — жерге ие болған бүкіл халықтың төл ісіне айналып отыр.

Совет өкіметі алғашқы құрылған жылдан бастап табиғи ресурстардың жеке объектілерін қорғау және оларды тиімді пайдалану мәселесіне көп көңіл бөле бастады. Мысалы, 1918 жылы 27 майда В. И. Ленин мен Я. М. Свердлов қол қойған «Орман туралы негізгі заң» жарияланды. Онда орманның өндірістік маңызымен бірге, оның топырақ қорғау, су режимін сақтау, құмды беніту, егіс өнімін молайту мен хайуанаттар тіршілігіндегі маңызды ролі және халқымыздың

демалысын, денсаулығын жақсартуда таптырмас орын екендігі, тіпті мәдени, эстетикалық мәні бары айтылды. Сол сияқты патшалық Россия кезінде аяусыз қырылып, қайсыбір түрлері жойылуға жақындаған жануарлар дүниесі де революциядан кейін бүкіл халық меншігіне көшті. 1919 жылы 27 майда РСФСР Халық Комиссарлар Советі «Аң аулау мерзімдері және аң аулайтын қаруларды ұстау правосы туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша барлық жерде бірдей ерте көктемнен август айына дейін аң аулауға тыйым салынды. Ал, бұлан, таутеке аулау және су құстарының жұмыртқаларын жинау мүлдем тоқтатылды. Міне, осы қаулыға да В. И. Ленин қол қойған еді. Бұл — хайуанаттарға алғашқы қамқорлық.

Елімізде табиғат байлықтарын қорғауға алып, олардың қорының молаюына мүмкіндік жасау нәтижесінде ғана аң-құстардың бірнеше түрлерінің саны айтарлықтай өсіп, халық шаруашылығына пайдаланылып отыр. Оны ақбөкенді қорғау мысалынан айқын көруге де болатындығын төмендегі мәлімет көрсетеді.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде ақбөкен жойылып кету қаупінде болғандықтан, Совет өкіметі 1919 жылдан бастап оны аулауға толық тыйым салды. Осының нәтижесінде «сахараның ботакөзі» атанған ақбөкен толық жойылып кетуден сақталып, кейінде, мәселен, елуінші жылдары олар бұрынғы қалпына келтірілді. 1973 жылғы санақ бойынша республикамызда оның саны 1,5 миллионға жетті. СССР-де ақбөкен санының соншама өскеніне шетелдік баспасөздер қайран қалып, бірқатар проблемалық мақала жариялады. Әйгілі неміс ғалымы, биолог Б. Гржимек Совет Одағында болғанда бұл аңды «Қазақстандағы ғажайып» деп атады. Қазақстанда ақбөкенді жоспарлы аулау 1954 жылы басталды. Соңғы 18 жыл ішінде республикамызда оның 1,8 миллионы ауланып, 30—35 мың тонна ет, 150 тоннадай дәрі жасалатын мүйіз өндірілді. Тек ақбөкен аулаудан ғана осы жылдары 25—30 миллион сом табыс түсті. Келешекте ақбөкеннің мол қорын тиімді пайдаланған жағдайда, оны жылына 300 мыңға дейін аулап, 6 мың тонна ет дайындауға болатыны анықталып отыр. Міне, бұл Қазақстанда табиғатты қорғаудың лениндік өсиетінің орындалып жатқанының айқын айғағы.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин табиғатқа коммунистік көзқарасты қалыптастырып, табиғат байлықтарын пайдалану мен оларды қорғау біртұтас екендігін көрсетті. Лениндік идеяның жүзеге асқандығы сол — қазіргі кезде республикамызда көлемі 437 мың гектар жерді қамтитын аң-құстарды және өсімдіктерді қорғайтын бес мемлекеттік қорық және 50-ден аса шағын қорықтар (заказник) бар.

Қазақстанда табиғат байлығын тиімді пайдаланып, оны қорғау туралы соңғы жылдары біраз жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1962 жылы табиғатты қорғау туралы Заңы

шықты. Ал 1967 жылы апрельде жетінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында осы Заңның орындалу барысы жөнінде мәселе қаралды. Онда табиғат байлығын қорғауға Ленинше қарау барлық совет адамдары үшін күнделікті мінез-құлықтың нормасына айналуға тиіс деп атап көрсетілді. Сондай-ақ елдің табиғат байлықтарын қорғау және оны молайта беру мәселесіне КПСС XXIV съезінде айрықша маңыз берілгенін жақсы білеміз. Сегізінші сайланған СССР Жоғарғы Советі 1972 жылғы сентябрьде өзінің төртінші сессиясында «Табиғат қорғауды одан әрі жақсарту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» мәселені қарады. Осы сессияда республикамыздан Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі С. Б. Ниязбеков жолдас сөз сөйлеп, біздің өңірде табиғат байлықтары—пайдалы қазбалар, су, орман, шабындық, құнарлы топырақ, хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесі қалай пайдаланылып жатқанына және оларды келешекте молайта беру шараларына жан-жақты тоқтап, талдау жасады. Одан кейін КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі СССР Жоғарғы Советі депутаттарының осы сессияда айтқан ұсыныстарын ескерін 1972 жылдың декабрінде «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» кеңейтілген қаулы қабылдады. Бұл қаулыда табиғаттың басқа да байлықтарымен қатар, хайуанаттар дүниесін қорғау туралы заңдарды қатаң сақтау атап көрсетілді. Сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау және оны өркендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру міндеттеріне ерекше мән берілді.

Бұл келтірілген мәліметтерден табиғатты қорғау проблемасы қазірде кезек күттірмейтін үлкен мәселеге айналып отырғанын аңғарамыз. Мәселен, жер бетінен кейбір жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің жойылып кетуі, ал олардың кейбірінің жылдан-жылға азая түсуі бүкіл дүние жүзі ғалымдарының назарын аударып отыр. Оған табиғатқа жаны ашитын барлық адамзат мүдделі.

Әрбір тірі организм өзіне қолайлы табиғат жағдайында өмір сүретіні мәлім. Егер тіршілік ету ортасы өзгерсе, онда ол жаңа ортаға төзе алмай, бірте-бірте азайып, ақырында жойылады. Ғалымдардың есебі бойынша тек XIX ғасырда ғана жер шарында ірі жануарлардың 70-тен астам түрі, ал үстіміздегі ғасырдың елу жылы ішінде тағы 40 түрі мүлдем құрып біткен. Соңғы төрт ғасырдың әрбір үш жылында дүние жүзінде хайуанаттардың бір түрі жойылып отырған. Ал, егер жануарларды қорғау мәселесіне көзқарас өзгермей, жағдай осылай қала берсе қазіргі кезде шамамен әрбір 8 айда жануарлардың бір түрі жойылып отыратын көрінеді. Бұл жануарлардың құрып кетуіне, біріншіден, өмір сүрген ортаның өзгеруі әсер етсе, екіншіден, бүкіл дүние жүзінде халық санының өсуі және бұрын болып көрмеген қуат-

ты техниканың күшті қарқынмен дамуы үлкен әсерін тигізіп отыр. Бұған бірнеше мысал келтірейік.

1741 жылы Камчатка маңындағы бір аралдан адамдар тұңғыш рет ғажайып хайуанат—теңіз сиырының тобын көріп таңданған еді. Одан соң дәмді етіне қызығып, оны үнемі аулай берген. Сөйтіп, 27 жыл ішінде бұл жануар жойылып кетті. Үнді теңізінің аралдарына халықтың қоныстануы онда мекендейтін сәнді құс — дронтың құрып бітуіне әкеп соқты. Өйткені бұл құс ұшуға бейімделмеген. Аралға қоныстанғандардан ол тек жүгірумен ғана қорғанатын еді. Аулаушылар оны тіпті ұзын сойылмен соғып алып жүрген. Сол сияқты құрылықта тіршілік еткен жан-жануарлардың да «мергендерден» құтылуы жылдан-жылға қиындай түсті. Бұдан 100 жыл бұрын Америкада кезеген кептер тіршілік еткен. Ол кезде оның саны да ұшан-теңіз мол болатын. Мамандардың деректеріне қарағанда, бұл құстың саны кейбір аудандарда 2 миллиардқа дейін жеткен. Есепсіз қырып-жою салдарынан қазірде Америкада кезеген кептер атымен жоқ болып кетті.

Осындай «қудалауға» бизон да түсті. Бұрын америка даласында олардың жалпы саны шамамен 70-80 миллион еді. Жаңа жерлерді игеруге байланысты онда 50 жыл ішінде тұяқты жануарды жойып бітірді. Оны ауламаған адам болмады. Тіпті темір жол бойында поезды тоқтатып қойып, бизонды вагон терезесінен оқ астына алды. Аңшы олжасынан оның тек терісін немесе тілін ғана алған. Ал тіпті болмағанда бизонды ермек үшін соққыға жыққан. Ақырында, осындай есепсіз қырып-жоюдың әсерінен бірнеше миллиондаған бизоннан қазірде қорғауға алынған бірнеше жүздеі ғана қалды.

Кең байтақ Қазақстан территориясында құнды тері, дәмді ет, дәрі-дәрмектік шикізат беретін жабайы жан-жануарлардың көптеген түрлері өмір сүретіні белгілі. Мәселен, оған балықтың 150, құстың 481 және сүтқоректілердің 155 түрінің тіршілік ететіндігін айтсақ та жеткілікті. Бірақ, біздің аймағымызда да саны азайып, одан кейін жойылып кеткен хайуанаттар түрлері де бар. Мысалы, қазақ жерінде ерте заманда жосып жүретін жабайы түйе және жабайы сиыр (тур), ал одан кейінгі дәуірде қамшат, тоғай және солтүстік бұғысы, жабайы жылқылар — тарпан, Пржевальский жылқысы сияқты аңдарды бұл күндері еш жерден кездестіре алмаймыз. Сол сияқты бұлан да құрып бітуге жақын еді, соңғы жылдары қолданылған нақты шаралардың нәтижесінде Солтүстік Қазақстан ормандарында қайтадан бой көрсете бастады. Қазақ халқының аңыз-әңгімелерінде көп айтылатын құлан да бүкіл өлкеміздің барлық аудандарында өткен ғасырдың аяғында жойылып бітіп еді, соңғы жылдары Арал теңізіндегі Барсакелмес қорығына жерсіндіру нәтижесінде бұл жануардың санын қайтадан молайтып, республикамыздың басқа аудандарына келешекте

таратуға әбден болады. Ал, 1948 жылы біздің көз алдымызда Іле өзені мен Балқаш көлі жағалауындағы қамысты қопалардан мерген соңғы жолбарысты атып өлтірді.

Қазіргі уақытта жер жүзіндегі жабайы аңдар мен құстардың 600-дей түрінің саны азайып, құрып кетуге жақын қалса, солардың ішінде Қазақстан жерін мекендейтін бірегей аң мен құстардың да азайып кеткенін атап айтар едік. Әсіресе, бір кезде даламызда тобымен жортып жүретін қарақұйрық, орман сусары, құндыз, мензбир суыры, ақ тырна, дуадақ, аққу, безгелдек, реликті¹ шағала, бірқазан, дегелек секілді хайуанаттарды оңайлықпен іздеп табу жылдан-жылға қиынға соғып барады. Жалпы, Қазақстанда қазірде құрып кету хаупінде тұрған немесе қоры мардымсыз аңдар түрі — 32, құстар түрі — 35. Сондықтан да бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы табиғат байлықтарын, оның ішінде саны күрт азайып кеткен жануарлар түрлерін қорғауға үлкен мән беріп отыр. Мұндай жұмысқа басшылық жасап отырушы ұйым — Бүкіл дүние жүзілік халықаралық табиғат қорғау одағы. СССР бұл одаққа 1956 жылдан бері мүше болып келеді.

Табиғатты қорғаудың осы халықаралық одағы 1948 жылы құрып бара жатқан немесе саны күрт азайып кеткен жануарларды қорғау комиссиясын құрды. Комиссия құрамына дүние жүзіндегі белді-белді биолог — ғалымдар енді. Олар 1948—1954 жылдар арасында жер шарында өте сирек кездесетін хайуанаттар туралы құнды мәліметтер жинап, жедел қорғауға алынатын жануарлардың тізімін жасады. Бұл документ «Қызыл кітап» деп аталды. Оның бұлай аталуының үлкен мәні бар. Қан қызыл түс арқылы бүкіл дүние жүзінің халықтарына — «саны сиреп кеткен мына аң-құстарды қорғау керек» деп дабыл қаққандай. Сондай-ақ бұл кітапқа дүние жүзінде өте сирей бастаған өсімдіктер түрлері туралы да мағлұматтар енгізілген.

1971 жылға дейін «Қызыл кітапқа» сүт қоректілердің 236 түрі, құстардың 287 түрі тіркелді. Сондай-ақ оған қорғауға алынған қосмекенділердің 34, бауырымен жорғалаушылардың 119 түрі енгізілген. Кітапта жануарлардың қай жерде мекендейтіні, өніп-өсуі және санының қаншалықты мөлшерде сақталып қалғаны көрсетілген. Тағы бір қызығы — бұл кітапта құрып кетуге таянған жануарлар туралы деректер қызыл қағазға, ал саны күрт азайып кеткен хайуанаттар мәліметі сары қағазға жазылған.

Халықаралық «Қызыл кітапқа» Қазақстанда тіршілік ететін қарақұйрық, құлан, барыс, қарақұлақ, гепард, мензбир суыры, қызыл қасқыр сияқты аңдар, ақ тырна, қызыл жемсаулы қарашақаз, реликті шағала, қоқиқаз тәрізді құстар енген. Бұл документке кіргізілген аң-

¹ Реликті — ертеде кең таралып, кейін көпшілігі жойылып, тек қана олардың таралу аймағының шағын бөлігінде сақталып қалған жануарлар мен өсімдіктер.

құстарды қорғау жауапкершілігі сол хайуанаттар мекендейтін елдерге жүктеледі. Бұл Қазақстанға да қатысты.

1973 жылы Вашингтонда 80 елдің өкілі қатысқан конференцияда саны азайып бара жатқан жануарлармен сауда жасауды тежеу туралы маңызды халықаралық келісімге қол қойылуы да қуанарлық жай. Оған Совет делегациясы да қатысты. Бір елден екінші елдің саны күрт азайып кеткен хайуанаттарды сатып алуы — бағалы аң-құстардың жойылып кету хауінін тудыратын фактілердің бірі еді. Осы конференцияда шығып сөйлеген Біріккен Ұлттар Ұйымының адам баласын қоршаған табиғат ортасы комиссиясының председателі Рассел Трейн бұл келісімнің үлкен маңызын айта келіп, мына мәліметті мысал ретінде келтірді. Тек 1971 жылы ғана АҚШ басқа мемлекеттерден тірідей 89 мың сүт қоректілер, 770 мың құс, 573 мың қосмекенділер, 2 миллион бауырымен жорғалаушылар және 98 миллион балық сатып алған. Бұлардың ішінде саны құрып кетуге таяу тұрған қаншама хайуанаттар бар десеңізші!

Бұл халықаралық келісімде саны сиреп кеткен жануарларды екі түрлі тізімге алған. Бірінші тізімге құрып кету хауінде тұрған хайуанаттар енгізілген. Олармен ел-елдің арасында сауда жасау сол жануарлар мекендейтін мемлекеттердегі ғылыми және шаруашылық ұйымдарының айрықша рұқсатымен ғана жүзеге асатын болады және ол хайуанатты сатып алған ел оның өмір сүруіне толық жағдай жасап, оны тек ғылыми мақсаттар үшін ғана пайдалануға тиіс. Бұл тізімге сүт қоректілердің, құстардың, қосмекенділердің, бауырымен жорғалаушылардың, моллюскалар мен балықтың 372 түрі енді. Онда Совет Одағында мекендейтін ірбіз (леопард), барыс, горал, гепард, тюлень-монах, азия қамшаты, құлан, Пржевальский жылқысы, лашын, қиыр шығыстық ақ дегелек, каспий және тибет ұларлары, даур, ақ және қара тырналар және реликті шағалалар бар. Екінші тізімге саны күрт төмендеген, бірақ әлі де құрып кету хауіі жоқ жануарлар енгізілген. Олармен де сауда жасау сататын мемлекеттердің ғылыми ұйымдарының келісімімен ғана жүргізіледі. Бұл топта сүт қоректілердің, құстардың және басқа жануарлардың 235 түрі бар. Онда біздің елімізде тараған ақ аю, қызыл қасқыр, түркістан сілеусіні, қарақал, уссурий жолбарысы, бұхар бұғысы, иір мүйізді ешкі, арқар, қара дегелек, қалбағай, ақ бірқазан, тундра аққуы, қызыл жемсаулы қарашақаз, бүркіт, дуадақтар, тоқылдақтың кейбір түрлері, қоқиқаз келтірілген.

Осы баяндаудан көрініп отырғандай Қазақстанда жоғарыда аттары аталған жануарлардың біразы тіршілік етеді. Сондай-ақ біздің аймақта «Қызыл кітапқа» еңбесе де, қазіргі кезде саны үрдіс азайып бара жатқан және өте сирек кездесетін қымбат бағалы аңдар мен құстарды аулауға үзілді-кесілді тыйым салынған. Көк құтан, ақ тырна, аққу, бірқазан, ұлар, ақ құр, сұр шіл, дуадақ, безгелдек, құндыз, ма-

рал, барыс, арқар, бұлан, құдыр, қамшат, жұпартышқан және тағы басқа біраз аң-құстарды аулауға болмайды. Бұл хайуанаттарды қорғаудың зор мәні бар. Мәселен, үлпілдек жүнді сәнді тері беретін б ұ л ғ ы н д ы көп жылдар бойы ауламай, қорғау нәтижесінде оның саны өсіп, ол Алтай тауларында өзінің таралу аймағын едәуір кеңейтті. Қазірде бізде оның бағалы терісі жылма-жыл дайындау мекемелеріне түсіп тұрады. Міне, бұл осы аңды қорғауға алып, қамқорлық жасағандықтың жемісі.

Халықаралық «Қызыл кітапқа» енгізілген және өз өңірімізде қорғауға алынған пайдалы аң-құстарды мәпелеп өсіру осындай нәтижеге жеткізетіндігі сөзсіз. Сондықтан да бүкіл дүние жүзінде табиғатты қорғау мәселесіне үлкен мән беріп, жойылып бара жатқан жан-жануарларды сақтап қалуға көп қаржы бөлініп отыр. Мәселен, қазірде Америка жерінде сақталып қалған қырық шақты ақ тырнаны қорғап қалуға миллион доллар ақша бөлуі тегін емес.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» қаулысын (1972 жыл) орындау мақсатында Қазақ ССР Ғылым академиясының Зоология институты Қазақтың табиғат қорғау қоғамымен бірлесе отырып 1973 жылдың 15—16 февралында «Қазақстанның құрып бара жатқан және сиреп кеткен аң-құстары және оларды қорғау шаралары туралы» республикалық ғылыми-өндірістік кеңес өткізді. Оның жұмысына Москвадан, Орта Азия республикаларынан көрнекті ғалымдар қатысты. Кеңесте Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы саны күрт төмендеп кеткен аң-құстарды қорғау шаралары кеңінен сөз болды. Кеңесте осы хайуанаттардың санын көбейту мақсатында келешекте оларды терең зерттей отырып, азайып кету себептерін ашу керектігі айтылды. Олардың ішінде, әсіресе, шаруашылық және ғылыми маңызы бар арқар, құндыз, мензбир суыры, аю, сабаншы, барыс, қарақұйрық, үстірт арқары, қызыл қасқыр, қоқиқаз, дуадақ, жек дуадақ, орақтұмсық, реликті шағала және бұлдырықтарға аса көңіл бөлу керек деп айрықша атап көрсетілді. Ол үшін саны азайып бара жатқан хайуанаттардың жер-жерге кеңінен таралуын, биологиялық ерекшеліктерін, ортаға бейімделуін жақсы білу керек. Бұл жұмыста ғалымдарға бүкіл халық болып жәрдемдескен абзал. Бүкіл жұртшылық ғалымдармен бірігіп, ынтымақтасып жұмыс жүргізгенде ғана жоғарыда сөз болған жануарлар туралы толық деректер жинап, оларды қорғау мен санын көбейтуге бағытталған көптеген жұмыстар жүргізе аламыз. Осындай деректерді жинай отырып, республикамызда сирек кездесетін жануарлар туралы Қазақстанның «Қызыл кітабын» жасауға кірісетін уақыт жеткен тәрізді.

Республикалық ғылыми-өндірістік кеңестің қаулысында арнайы көрсетілген саны құрып кетуге таяу немесе азайып бара жатқан хайуа-

наттар туралы халық арасында кең үгіт-насихат жүргізу керек деген қағидасын басшылыққа ала отырып, біз де аңшылық шаруашылығы қызметкерлерін және жалпы жұртшылық оқырмандарды туған өлкемізде қоры мардымсыз аң-құстар тіршілігімен және оларды қорғау үшін қандай жұмыстар жүргізу керектігімен таныстыруды келесі тарауларда баяндауды өзімізге мақсат еттік. Бұл еңбектің жарық көруінде авторлар өз материалдарымен қатар Қазақ ССР Ғылым академиясының Зоология институтында жинақталған ғылыми деректерді де пайдаланды. Қазірде қолда барды құртып алмас үшін бұл мәліметтердің үлкен пайдасы бар.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан-ақ аса маңызы бар құстар мен жануарларды қорғауға ерекше мән берін, қамқорлық жасап отырған. Кейбіреулерін жақсылықтың жаршысы, ырыс пен несібенің хабаршысы деп есептеген және олардың адамға пайдалы екендігін аңғарған. Халқымыз өзінің жақсы көрген адамын аң-құстарға теңейді. Тіпті жаңа үйленген жігітке «құсың құтты болсын» деп, жас келінді құсқа теңеудің өзі халықтың құстың кейбірін құрмет тұтып, әдемілік пен әсемдіктің белгісі ретінде сөзге қосқандығын көрсетеді. Міне, осы дәстүрдің бәрі қазіргі және келешек ұрпақтарға үлгі болуға тиіс.

Жалпы, өзіңді қоршаған табиғат сенің туған үйің ғой. Оның ішіндегі бар байлық қожасы да тек өзіңсің. Сондықтан да табиғат байлығы — орман мен хайуанаттар дүниесін қорғау, өзен-көлдер суының, атмосфераның тазалығын сақтау республикамызда әрбір саналы азаматтың әр кездегі басты міндеті және жауапты патриоттық ісі болуға тиіс. Оны атақты орыс жазушысы, табиғат жаршысы Михаил Михайлович Пришвиннің сөзімен айтқанда: «Балыққа — су, құсқа — ауа, жануарға — орман, дала, тау керек. Ал, адамға — Отан қажет. Табиғатты қорғау — Отанды қорғау деген сөз». Иә, қымбат бағалы аң-құстар — халық байлығы, дала көркі. Бұлар таусылмайтын қор емес, оларды өзіміз мәпелеп күтіп, қорғағанда ғана санын көбейтін, халық шаруашылығына пайдалануға болады. Қазақстан жерінің байлығы ұшан-теңіз, берері көп, тек оны қорғай білуіміз керек.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОРҒАУҒА ЖАТАТЫН ҚҰСТАР

Омыртқалы жануарлар ішіндегі ең үлкен топ — құстар. Бүкіл дүние жүзінде олардың 10—12 мың түрлерінің тіршілік етуі де құстардың кең таралғанын көрсетеді. Қазақстан территориясы да қанаттыларға өте бай. Онда құстардың 481 түрі мекендеп, күз айларындағы саны шамамен 18—20 миллионға жетеді. Міне, бұл қаншама байлық десеңізші! Оларды қорғап, пайдалана білуге тиіспіз.

Адам үшін қанаттылардың пайдасы өте зор. Бізде тіршілік ететін құстардың біразы аңшылық үшін ауланып, дәмді ет пен мамық қауырсын береді. Мәселен, қазірде Қазақстанда жылына 3,2 миллион құс аңшылардың олжасы болады. Олар — үйрек, қаз, қасқалдақ, балшықты су құстары. Жасыл желек жамылған кең байтақ даламызда ұшып жүрген біраз құстар (шымшық, торғай, тоқылдақ, ементұмсық және тағы басқалар) егістік, бау-бақша, орман зиянкестері — насекомдармен, кеміргіштермен қоректеніп, ауыл шаруашылығына айтарлықтай пайдасын тигізеді. Құстардың эстетикалық мәні өз алдына бір тебе. Бұлбұл үні мен торғайлардың неше құбылтып салған әндері талай композиторлардың шығармаларына арқау болып келе жатқан жоқ па! Сондай-ақ аспанға ұшу техникасын жетілдіру үшін құстардың ұшу заңдылықтарын зерттеу Леонардо да Винчиден бастап күні бүгінге дейінгі авиаконструкторлар еңбектерінің негізіне алынып отыр емес пе? Бүгінде де бұл жұмыстар жалғасуда.

Соңғы жылдары құстардың тек Қазақстанда ғана емес бүкіл жер шарында кейбір түрлерінің саны азайып бара жатқаны байқалды. Сондықтан да ел-елде оларды қорғау шаралары жүзеге асуда. Сол сияқты қазірде біздің республикамызда да осындай жұмысты жүргізу кең қолға алынды. Саны күрт азайып кеткен аң-құстарды шұғыл

зерттеу арқылы келешекте олардың таралған аймағы анықталып, сол жерлерде қорғау шаралары жүзеге асырылатын болады. Қазақстан ғалымдары осындай құстардың тізімін алып, табиғаттың «Қызыл кітабын» жасауға кірісті. Бұл тарауда республикамызда саны аз құстардың қай аудандарда таралғаны, биологиясы, мінез-қылық ерекшеліктері жан-жақты әңгімеленеді. Өйткені, бұл мәліметтердің оларды қорғау шараларын жүзеге асыру үшін үлкен мәні бар.

СУ ҚҰСТАРЫ

Қазақстанның ұлан-байтақ жері су қорларына өте бай. Әсіресе, Жайың,

Ырғыз, Торғай, Тобыл, Есік, Ертіс, Іле, Шу, Сырдария сияқты өзендердің тигізер пайдасы зор. Бұл өзендердің суы көктемде молайып, олардың атырауында айдын көлдер мен көлшіктер пайда болады. Қазір су шаруашылығы мамандарының мәліметі бойынша республикамызда 35 мыңнан астам көл бар. Олардың үштен біріндейі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстарында. «Су бар жерде өмір бар» дегендей жағаларында жайқалып қамыс, құрақ өскен бұл жерлерде көгілдір айдын еркелері су құстары мекендейді.

Республикамызда қанаттылардың 481 түрі кездесе, оның 56-дан астам түрі аңшылық шаруашылығында зор маңызы бар су құстары.

Біздің аймақта су көздерінің мол болуы көктемде су құстарының жаппай ұшып келуіне, ұя басуына және олардың түлеуіне мүмкіндік береді. Сырдария, Шу, Іле өзендері мұз құрсауынан босай бастасымен-ақ аққу, қаз, үйректер ұшып келе бастайды. Мәселен, Целиноград облысындағы Қорғалжын көліне 32 мың қасқалдақ, 8 мыңдай үйрек және көптеген аққу, қаз ұя салады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Зоология институтының жүргізген ғылыми-зерттеулерінде су құстарының өніп-өсуі аяқталған мезгілде олардың саны 3—4 есе ұлғаятындығын анықтады. Яғни күзгі аңшылық маусымы ашылған кезде республика суларында 10—12 миллиондай құс (оның 40 проценті қасқалдақ) тіршілік етеді деген сөз. Оған қоса, сентябрь айының аяғында Сибирьден жылы жаққа қарай ұшқан 10 миллиондай құс біздің өлкемізді басып өтеді. Міне, бұл қаншама байлық десеңізші!

Жалпы алғанда Қазақстан тұрғындары жылына 3,2 миллион құс атып алады екен. Оның 2,7 миллиондайы су құстары. Ал олардың 63 проценті үйрек, 20 проценті — қасқалдақ, қаз тәрізді еті дәмді қанаттылар. Расында, жабайы қанаттылардың өсіп-өркендеуіне қамқорлық жасап, саны сиреп бара жатқан түрлерінің қорын көбейтуге шаралар қолдансақ және жүйелі түрде аулау ісі қолға алынса жылына он шақты миллион құс еті халықтың пайдалануына жарар еді. Ол үшін құстарға қамқорлық жасап, қорын молайту керек.

Бұлардың ішінде саны үрдіс азайып бара жатқан және өте сирек кездесетін қоқиқаз, аққу, бірқазан, қызыл жемсаулы қарашақаз сияқты атуға үзілді-кесілді тыйым салынған түрлері бар. Табиғаттың осы байлығын қорғап, қорларының молаюына қамқорлық жасау үшін республика территориясында саны азайып кеткен құстардың қай көлдерде таралғанын, биологиялық ерекшеліктерін, санын көбейту үшін қандай шараларды жүзеге асыру керектігін білу барша жұртшылыққа қажет-ақ. Әңгімемізді халық сүйіп ардақтаған, «құс падишасы» атанған аққудан бастаймыз.

Аққу. Жалпы түсі ақ, салмағы 12—13 килограмға дейін жететін ірі құс. Қазақстан суларында оның екі түрі — сұңқылдақ аққу (лебедь-кликун) және сыбырлақ аққу (лебедь-шипун) тіршілік ететіндігін оқушы қауымдар жақсы біледі.

Сұңқылдақ аққу біздің өңірде бүкіл орманды-дала және далалық аймақтағы көлдерде, Каспий теңізінің солтүстік-шығысында, Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдерінде кеңірек таралған. Ал, сыбырлақ аққу Арал теңізі, Сырдария, Ырғыз, Торғай өзендері бойындағы көлшіктерде көбірек. Мәселен, соңғы жылдардағы зерттеулер, қазірде жылына Торғай өзенінің төменгі жағындағы Жаркөлде — 10, Жыңғылды көлде — 24, Байтақта — 20, Аякөлде — 50 аққу ұя салатындығын көрсетті. Алайда, соңғы 10—15 жылдар ішінде Қазақстанның өзен-көлдеріндегі аққу саны адам айтқысыз азайып кетті. Оның басты себебі, құрғақшылық кезде біраз көлдер өзінен-өзі құрғап қалса, екіншіден ол адам әрекетіне байланысты. Тың және тыңайған жерлерді игеруге сәйкес бұрын құс «патшасы» атанған аққулар ұялайтын көлдер маңының бәрі жыртылып тасталды, көлдерден қамыс шабылды. Тіпті кейбір аудандарда көктемде үй маңындағы көлдерден балалар оның жұмыртқасын жинайтындығы туралы фактілер де анықталды. Осы жағдайлардың бәрі де сәнді құс — аққу қорының азайып кетуіне әкеп соқты. Сондықтан да «... Көл елік — қаз, қуы жоқ дауыстаған, қалған құс — қарға, шөже, сауысқаннан» деп Ілияс Жансүгіров жырлағандай дәрежеге жеткізбеу үшін айдын көлдерде аққу, қаз санын көбейту — қазіргі таңдағы басты міндеттеріміздің бірі болуға тиіс.

Қазақ халқы тазалық пен сұлулықтың символы ретінде қарайтын аққу өзінің ұясын кез келген көлдерге сала бермейді. Ол ұя салуға ну қамысты, суы таза әрі тұщы ірі көлдерді таңдап алады және ол маңда адамның болуын ұната бермейді. Сондықтан да халқымыз оның кез келген батпақты шалшық көлде кездесе бермейтін аса талғампаз, тәкәппар қанатты екендігін қадірлейді.

Туып өскен жеріне марттың аяғы — апрельдің басында қайтып оралған аққулар Қазақстан суларынан өздеріне азық, жауларынан және ауа райының қолайсыз жағдайынан қорғанатын баспана табады. Әсіресе, қамысты қопалардың олар үшін маңызы өте зор. Көл жа-

ғасында жайқала өскен қамыс-құрақ арасына олар өздерінің ұяларын салады. Ұясын көбінесе қамыстан салады. Оның диаметрі 120—150 сантиметрдей болады. Аққулар еркек-ұрғашы болып жұптасқан соң, осы жұбын екеуінің біреуі өлмей жазбайды. Олардың бір-біріне сондай беріктігі туралы ел аузында ғасырдан ғасырға айтылып келе жатқан аңыздар бар. Бұл құстың бір-біріне сүйіспеншілігі сонша, егер, түрлі себептен біреуі өлсе, екіншісі бұл қайғыға шыдап тұра алмайды екен. Жөсір қалған аққу көк аспанның сонау биігіне самғап, сонда соңғы «әнін» айтып болғаннан кейін, жерге қарай оқша зуылдап, тасқа соғылып өледі-міс. Бұл шындық па? Жоқ. Бірақ, жұбайынан айырылған құстың «қуу — у... қуу — у... қуу — у»-лап сол жерден көп уақыт кетпейтіндігі шындық.

Аққулар 3—7 жұмыртқа салады, оны енесі 35—40 күн басып, балапан өргізеді. Осы кезде еркегі ұя төңірегінен шықпай, балапандарын қорғап жүреді. Олар ұрпақтарымен күзге дейін бірге болып, оларды қорғаштайды. Июль-август айларында мамырлайды. Осы кезде аққулар көлдің адам бара алмайтын жерін таңдап алады. Күзде жылы жаққа кетер алдында 7—10-нан топтасады. Аққулар су өсімдіктерінің жапырақтары мен тамырларын қорек етеді. Ұсақ жәндіктерді де жейтіндігін мамандар анықтап отыр.

Біздің айдын шалқар көлдерде ұшырасатын сұңқылдақ және сыбырлақ аққуларды бір-бірінен қалай ажыратуға болады? Көлдің көгілдір айдынында қардай аппақ болып ерекше көрінетін сұңқылдақ аққу су бетінде отырғанда денесінің алдыңғы бөлігін суға терең батырады да, ал денесінің артқы бөлігін судан әлдеқайда көтеріңкі ұстайды. Өте ұзын мойны барлық уақытта тік тұрады. Қанаты денесіне қысыңқы. Дене мөлшері кішірек келеді. Аяғы қоңыр қара, тұмсығының түбі сары да, жоғарғы бөлігі қара. Ал, сыбырлақ аққу суда жүзгенде мойынын «S» әрпі тәрізді бүгіп ұстайды, басын үнемі төмен түсіріп жүзеді. Ұшқанда сыңқылдап көтерілсе, ол осы аққу болғаны. Сұңқылдақ аққудың даусы ащы келеді. Сыбырлақ аққу тұмсығының кейбір жері қара, қалғаны қызғылт сары және тұмсығының үстінде томпақ өсінді болады. Дене мөлшері сұңқылдақ аққуға қарағанда ірірек (салмағы 13 килограмға дейін жетеді).

Аққудың көркі, мінез-қылығындағы ерекшеліктер сонау көне дәуірден бері халықты таңдандырып келеді. Оның су бетінде маңғаздана жүзгені, ұшқанда қанатын қағып көтерілуі, табиғаттың берген әсем бір құбылысы емес пе! Тіпті, қазақ халқы адам бойындағы жақсы қасиеттерді осы құсқа балайды ғой. Мәселен, «аққуымсың көлдегі, асылымсың елдегі» деп ән шырқауда да адамды аққуға теңеп, оны әсемдіктің, сұлулықтың символы ретінде бағалап отыр емес пе.

Аққулар суда жақсы жүзеді, бірақ сүңғи алмайды. Ұшқанда су бетінен ауыр көтеріледі. Екі аяғымен суды артқа қарай итере желге

қарсы ұшады. Өте сақ та, батыл да, күшті құс. Ол туралы халық аузында көптеген аңыз-әңгімелер бар. Оның бірі былай дейді. Бір табиғат әуесқойы «Аққу әнін» жазып алмақ болып, ертемен оның ұя салған көліне келеді. Қамыс арасында тығылып отырып, аққулардың келуін күтеді. Бір уақытта кербез сұлу құстар шалқар көлдің айдынына қона бергенде, «мерген» оның біреуін атып та үлгіреді. Біреуін қанатынан жарақаттайды. Қанатынан отырған аққудың соңғы «әнін» жазып алудан үміткер болған аңшы, оны жағаға алып шығып, басында телміріп отырады. Аққудың әнін жазып алып үлгірді ме, жоқ па ол жағы бізге белгісіз, бірақ сол кезде кенеттен көл бетіндегі аққулар тобы аспанға көтеріліп, жаңағы «мергенді» тұмсықтарымен тістеп, қанаттарымен өлердей соғып, өлім халіне жеткізіпті-міс. Бұл әңгіме де шындыққа онша жақындамайды. Әйтсе де, аққудың күшті құс екені ақиқат. Ол қанатымен соғып баланың қолын сындырып жіберуге бар. Қазақ халқы аққуды «киелі, қасиетті» құс деп санайды. Оған тимей, қайта оның көл маңында көбірек жүруін ұнатады.

Өзінің сұлулығымен жұртты таңқалдыратын аққу бүкіл елімізде қорғауға алынған. Қазіргі міндет — осы «құс падишасы» сақталып қалған көлдерде оның ұя жасауына керекті материалды қолдан жасасақ, ол сол суда көбірек тоқтайтын болады.

Аққу қолға жақсы көндігеді. Соған сәйкес, оны үй маңындағы, санаторийлер төңірегіндегі су қоймаларында ұстап, үй құстарына айналдыруға әбден болады. Табиғаттың аса сұлу, кербез бұл кереметі Алматыдағы Үкімет үйі алдындағы су айдынына көрік беріп тұруы бұған дәлел болады. Ол жерге қаншама адам барып, құстың әр түрлі қимылы мен іс-әрекетінен өзіне эстетикалық әсер алып қайтады. Әсіресе, жас өспірімдер оны көріп, шаттана қуанып, мәз-мейрам болады. Ендеше, сұлулық, әсемдік символы есебінде қарайтын қасиетті құс — аққу қорын молайтуға күш салу барлық саналы азаматтың борышы.

Қ о ң ы р н е м е с е с ұ р қ а з. Арқасы күлгін-сұр, қанатының кейбір жері ақ болады. Жемсауы мен кеудесі сұр, бауыры ақшыл келеді. Салмағы — 2,8—4 кг. Ұрғашысы еркегіне қарағанда кішірек келеді.

Қоңырқаз (серый гусь) бүкіл Европада, Алдыңғы және Орта Азияда, Монғолияда, Қытайдың солтүстік жартысында, Сибирьде тараған. Совет Одағында мекендейтін қоңыр қаздың негізгі қоры қазақ жерінде. Бізге белгілі бұл қаз — жағасында жайқалып қамыс, құрақ, қоға өсетін өзен-көл құсы. Сондықтан да оны Еділ, Жайық, Ырғыз, Торғай, Сырдария, Шу, Іле, Ертіс, Нұра өзендері бойында көрумен қатар, алып су қорлары — Арал теңізі, Балқаш көлі, Алакөл мен Зайсан көлдерінде де ұшырастырамыз. Дегенмен, бұл қаздың сүйіп қоныстанатын жерлері орманды дала мен далалық аймақтағы өзен-көлдер. 1959—1961 жылдары республика суларында 62 мың қаз мекендеді (Гаврин, 1970).

Бірақ соңғы 10—15 жыл ішінде көгілдір айдын байлығы — қоры қаз саны күрт төмендеп кетті. Оңтүстік Қазақстанның кейбір көлінде ол тіпті жұмыртқаламайтын болды. Солтүстік облыстарда да оның қоры жылдан-жылға қысқарып келеді. Мәселен, көлдерге бай Солтүстік Қазақстан облысында 1954—1957 жылдары 16—20 мың қаз ұя салса, ал 1969 жылы онда небары 2,4—3 мыңдай бұл құс жұмыртқалады, яғни саны 6—7 есе кеміді (Дробовцев, 1972). Оның басты себебі, бір жағынан, табиғи жағдайларға байланысты. Құрғақшылық жылы республикамыздағы бұрыңғы ұсақ көлдер кеуіп қалды, өлкеміздің оңтүстігіндегі Сырдария, Шу және тағы басқа өзендер бойынан бірнеше бөгеттер салу олардың атырауындағы көлдерге су жеткізбей қойды. Сол сияқты қаздың панасы — қамысты құрылыс материалы үшін көп шабу да қанаттыларды қоныстану мекенінен айырды, екіншіден, тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты республикамызда көптеген жаңа совхоздар құрылды. Олардың көпшілігінің орталығы көл жағасында орналасқан. Сондай-ақ жылдан-жылға бұл аймақта аңшылар саны да өсіп келеді. Мысалы, 1964 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың аңшы болса, ал 1973 жылы онда мергендер саны 12—13 мыңнан асып отыр. Олар жылына 50—55 мың қаз атып алады.

Дәмді ет, мамық беретін бізде ұялайтын жабайы қаздың қоры республика суларында қазірде мына мөлшерде қалды: Солтүстік Қазақстанда 10—16 мың, Орталық Қазақстанда 6—11 мың, Оңтүстік Қазақстанда 9 мың (Исаков, 1972). Тек көктем мен күзде-қаздар Сибирьден қайтқан мезгілде бізде олардың саны бұрынғыдан 2—3 есе өседі. Қазіргі міндет — құстың осы бар қорын азайтпай, қайта көбейте беру мүмкіндіктерін қарастыру керек болып отыр.

Біздің оңтүстік аймаққа қаздар февральдің аяғында, солтүстік облыстарға марттың аяғы — апрельдің басында ұшып келеді. Ұясын қамыс, қоға арасына, қопа, шіріген қамыс, салындылар үстіне салады. Ұяны негізінен қамыстан жасайды. Оған 3-тен 9-ға дейін, көбіне 4—6 жұмыртқа туып, оны ұрғашылары 27—28 күн басады. Ал, еркегі ұя төңірегін күзетін жүреді. Балапандарының ұшуға қабілеті жеткен уақытта қаздар мамырлап, түлей бастайды. Еркектері ұрғашыларына қарағанда қауырсындарын бұрынырақ тастайды. Бұл құстың балапандары жыныстық жағынан өмірінің үшінші жылында жетіледі. Сондықтан да алғашқы екі жылда ересектеріне қарағанда ертерек түлейді. Қаздың жаппай түлеуі июньнің басында басталады. Бұл кезде олар көлдің адам бара алмайтын қамысты жерін таңдап алады. Мамырлаған кезде қаздар ұшу қабілетін жоғалтады. Өсы кезеңде бұлар аса қорғауды керек етеді. Өйткені, бір кішкентай көлге 750—900-дей жәрдемсіз қанаттылар жиналады. Июльдің аяғында біздің көлдерде қаздардың мамырлау процесі бітеді. Енді олар бірнеше жүз-

деп, мыңдап топ құрап, көл маңында, бидай, тары егістіктерінде жайылып, семіруге кіріседі. Тәулігіне екі мезгіл: таңертеңгілік және кешкілік азықтануға ұшып кетеді. Олардың өмірі үшін топтанып жүрудің үлкен мәні бар. Үйірінде әр уақытта бір немесе бірнеше «күзетші» құстар болады. Хауіпті жағдайды сезсе, алдымен солар қаңқылдап, басқаларына «дайындалыңдар!» деген хабарды жеткізеді. Сөйтіп, олар осындай іс-әрекеті нәтижесінде жауларынан жақсы қорғана алады.

Бұл тек өсімдік тектес азықпен қоректенетін құс. Көбіне суда өсетін шөптердің жапырағын, бүршігін азық етеді. Әсіресе, сүйіп жейтін қорегі — қазоты деген шөп. Одан соң шөп-шаламның басқа түрлерімен, құрақ, қоға жапырақтарымен тамақтанады. -Күзде астық піскен кезде оларды егістіктен жиірек кездестіруге болады. Онда олар дәнді дақылдардың дәнін жейді.

Қоңыр қаз ертеден ауланып келе жатқан құс. Ол дәмді ет берумен қатар едәуір мөлшерде мамық жүн береді. Республикамызда соңғы жылдары жыл сайын аңшылар 61—70 мыңдай қоңыр және қараша қаздарды атып алады. Ол 150—170,5 тонна ет деген сөз. Республика территориясынан әрбір әуесқой аңшы аң аулау ережесіне сәйкес күзде үш қоңыр немесе қараша қаз атып алуына правосы бар.

Жоғарыда сипаттағандай біздің өлкемізде аса пайдалы құс — қоңыр қаздың саны азая түсуде. Соған сәйкес бұл қазды аулау мен оны қорғауды тәртіпке келтіру — объективті керек нәрсе. Ол үшін мынадай шараларды таяу уақытта жүзеге асыру шарт: а) қаздар мекендеп, жаппай түлейтін көлдерді олар мамырлаған кезде уақытша қорық деп жариялау керек; б) бұл құсты аулауға лицензия тәртібін енгізу уақыты жеткен мәселе; в) республикамыздың солтүстік облыстарында оны аулау мерзімінің ашылуын августан сентябрьдің онына созса, орынды болар еді; г) қаздар ұялайтын көлдерде қолдан жасанды ұя жасап та, оларды сол маңға көп топтастыруға болады. Сонда ғана көл-өзен байлығы — қаздардың қорын 2—3 есе арттырып, жылына дайындау мекемелері аңшыларға 150—200 мыңдай қазды аулатып, одан 500—600 тонна құс етін алуға мүмкіндік болады. Ал, одан қанша мамық жастық шығар еді!

Қ у т ұ м с ы қ қ а з. Жалпы түсі сұр қоңыр, бауыры, қанатының кейбір жері және құйрық қауырсыны ақ, тұмсығы қара, аяғы қызғылт сары келген. Салмағы 3—3,5 кг. Бұл қаз Шығыс Азияда ғана шағын аумақта мекендейді. Шығыста Сахалин аралынан батыста Зайсан ойпатына дейін таралған. Негізгі қыстайтын жері — Шығыс Қытай мен Корея. Қазақстанда мына учаскелерде ұя салып, жұмыртқалайды. Қ у т ұ м с ы қ т ы ң (сухонос) едәуір қоныстанған мекені — Қара Ертіс бойындағы тал өскен жерлер. Аздап Күршім өзені бойында да бар. Кейде ол Шығыс Қазақстан облысынан шығысқа қарай біраз жер

ұшып барады. Бірақ ол маңда жұмыртқаламайды. Мәселен, аңшылар бұл қазды бірен-саран Сырдария, Іле өзені жағасынан, Панфилов қаласының төңірегінен ұстаған.

Қутұмсық әр түрлі өзендер мен көл жағасын мекендей береді. Басқа қаздардан негізгі айырмасы — жақсы жүзін, жақсы сүңгиді. Мамырлап түлеген кезде хауіпті жағдай туа қалғанда демесін суға батырып, басын ғана судан шығарып тұрады. Балапандары да жауларынан сүңгіп кетіп қорғанады. Осындай қимылы арқылы олар қалың қамыс немесе жағада өсіп тұрған бұта астына тығылып, жоқ болады. Өзінің дене пішіні, қимылы жағынан қутұмсық сұрала қазды (гуменик) еске түсіреді. Алыстан ол екеуін ажырату қиын, бірақ дауыстары бір-бірінен өзгеше болады. Қутұмсық қаздың қаңқылдауы созылықы ыңырысқан сияқты болып келсе, ал сұрала қаздың даусы буынға бөлініп, үздік-создық шығады. Қутұмсықтың басқа түрлері сүңгуге шорқақ келеді.

Ұяларын жерден қазады. Жерді шұңқырлап, оған шөп пен өзінің аздап түбіт қауырсынын төсеп жасаған ұясына 4-тен 9-ға дейін, көбіне 5—6 жұмыртқа туады. Оны ұрғашысы басады да, еркегі оның «қорғаушысы» болып қалады. Балапандарын өргізіп жібергенше екеуі де қамқоршы болады. Күзде түлеп біткен соң, бұл құстың бірнеше ұяда өрбіген ұрпақтары қосылып, 30—50-ден үйір құрады. Жылы жаққа ұшар алдында олар осы тобын жазбай, қайта көбейте береді. Салқын түсісімен қазақ жерінен сол үйірімен жылы жаққа тартады.

Жалпы біздің өлкеде қутұмсық саны өте аз қанаттыға жатады. Сондықтан да оның кәсіптік маңызы шамалы. Бірақ оны қаздың жаңа, ірі тұқымдарын шығару үшін пайдалануға болады. Өйткені, бұл қаз Қытайдағы үй қазының ата-тегі. Қолға өте тез көндігеді. Қазірдің өзінде-ақ Шығыс Қазақстан облысының кейбір тұрғындары оның балапандарын ұстап, қолға үйретті. Республикамызда қоры тым мардымсыз болғандықтан қорғауды керек ететін құс.

С а р ы а л а қ а з н е м е с е и т а л а қ а з қараала қаздың (пеганка) туысы. Оны кейде қызыл үйрек деп те атайды. Ересек с а р ы а л а қ а з д ы ң (оғарь немесе атайка) жалпы түсі жирен (сарыала), бас қауырсыны ақшыл құла, құйрық қауырсыны қара, қанатының кейбір бөлігі ақ. Қоразының мойнында қара «сырғасы» болады. Тұмсығы мен аяғы қара. Салмағы 1,2—1,6 кг келеді.

Сарыала және қараала қаз түрлері жерде тіршілік ететін үйректер тобын құрайды да, биологиялық жағынан қаз бен үйректерді жалғастырушы звено тәрізді. Бұл құстардың жерде қозғалып жүруі, қанатын аспанда баяу сермеп ұшуы қаз бейнесін еске түсірсе, басқа қимыл-әрекеттері үйректерге ұқсайды.

Сарыала қаздың негізгі ұя салатын аудандары — Европаның оңтүстігі, Кіші, Алдыңғы, Орта және Орталық Азия, Қазақстан және Оңтүстік Сибирь. Ол Жерорта теңізі жағасында, Африка мен Оңтүстік Азияда қыстайды.

Біздің өңірде Каспий теңізі жағасында, Жайың, Ембі, Бірғыз, Торғай езендері бойында жұмыртқалайды. Шығыста Ертіс өзені төңірегінде және Зайсан көлінде бар. Республикамыздың оңтүстігінде Арал теңізі, Сырдария, Шу, Іле езендері мен Балқаш көлін мекендейді. Тянь-Шань тауына бұл құс 3000 м биіктікке дейін көтеріледі.

Осындай әр түрлі географиялық аймақта қоныстануына байланысты сарыала қаздың ұя салатын жерлері де түрліше болып келеді. Далалық аймақта ол ұясын жағасында қамысы шамалы, айдыны үлкен өзен мен көлге жақын орналастырады. Судың ащы-тұщылығы олар үшін бәрібір. Шөлді аймақта ащы көлден алыс кетпейді. Тауда езендерді төңіректейді. Көпшілігінде ұя салуға ол суыр, түлкі, қарсақ, жабайы мысық, борсықтардың ескі індерін пайдаланады. Кейде бейіттерге де ұя салады. Сондықтан да қазақтар оны онша жақсы көрмейді, ауламайды да. Ол туралы жағымсыз аңыз-әңгімелер де бар. Тауда сарыала қаз ұясын тас қуыстарына, биік жартастарға салады. Суда жақсы жүзеді. Даусы өте ащы, «анг-анг-анг» тәрізді үн шығарады. Сондай сезімтал, өте сақ қанатты құс. Адамнан алыстан-ақ бойын алып қашады. Ескі індердегі өзінің жатағына кіруге де көпке дейін бата алмай, сол төңіректі айналшақтап жүреді. Әбден хауіп жоқ екендігіне көзі жеткен соң ғана інге жақындайды.

Сарыала қаз қорегін судан да, құрлықтан да табады. Онша азық талғамайтын құс. Көктемде дәнді дақылды өсімдіктер мен күйреуік көгімен, өсіресе соңғы шөп түрінің дөнімен тамақтанады. Жазда құрлықта шегірткелерді көп ұстайды. Сонымен қатар су өсімдіктері мен насекомдарын да жем етеді. Күзде оларды тобымен тары мен бидай егісінен көруге болады. Егін маңында оларды таңертеңгілік және кешкілік көруге болады.

Көктемде біздің өлкеге сарыала қаздың ұшып келуі марттың басында байқалады. Келгеннен кейін олар ұя салып, 1—1,5 айдан соң 7-ден 17-ге дейін жұмыртқа туады. Балапандарын ата-анасы өскенше қызғышша қорғап, жанында болады. Егер де балапандарына адам жақындаса, ересектері оны қанатымен сабауға да бар. Көбінесе, балапандарын хауіпті жағдайда арқасына салып, суға жүзін кетеді. Қамыс арасына тығылады. Балапандары өз беттерінше тіршілік етуге көшкеннен кейін қораздары түлеуге ну қамыс ортасына кетеді. Мамырлап болған соң, олар ащы көлдер маңына көптеп жиналып, 30—50-ден топ-топ болып бөлінеді. Күзде сол топтарымен бидай егінде жайылып семіреді. Октябрьдің аяғына таман қыстайтын еліне сапар шегеді.

Сарыала қазды өзен-көл маңындағы жергілікті тұрғындар көп ауламайтын болғандықтан, біздің аймақта қоры молырақ кездесетін құс. Еті дәмді, мамың қауырсыны құнды болады. Ол аңшылардың күзде үйрек атқан кездегі кездейсоқ олжасы болады. Оның санын келешекте де молайта түсіп, оны халық шаруашылығына пайдалану жолдарын қарастырған жөн.

Қ а р а л а қ а з — мөлшері ірі үйректей, салмағы 1—1,5 килограмдай. Басқа үйректерден бұл құсты ала-құла, шұбар түсі арқылы оңай ажыратуға болады. Кейде оны жергілікті халықтар қарала үйрек деп те айтады. Басы, мойны, жемсауы, бүйірі, құрсағы және арқасы ақ, кеудесі күрең, қанаты қара ала келеді. Еркегінің тұмсығының орта жағы имектеу, түсі қызыл, ал аяғы күлгін келеді. Ұрғашысы кішілеу, тұмсығының үстіңгі жағы ақ, аяғы қара келеді. Міне бұл құс осындай түсінің әр түрлі болуына байланысты қаралақаз (пеғанка) атанған болу керек.

Қаралақаз Батыста Скандинавия түбегінен және Жерорта теңізінен шығыста Иранға, Монғолияға, Солтүстік Қытайға дейін, тек әр жерлерде ғана таралған. СССР-де бұл құс Прибалтикада, Оңтүстік Украинада, Қырымда, Предкавказьеде, Закавказьеде, Төменгі Поволжьеде, Орал тауы маңында, Орта Азияда, Қазақстанда, Батыс Сибирьде, Тувада және Забайкальде кездеседі. Мұнда да ол кейбір жерлерде таралған. Қаралақаздың ұялайтын аудандары негізінен дала және шөлді аймақтарға орналасқан

Бұл құстың қыстайтын аудандарына Солтүстік теңіздің жағалауы, Жерорта теңізі, Месопотамия, Үндістанның орталық бөлігі және Бирма жатады.

Қаралақаз Қазақстанның барлық территориясына таралған, тек Кенді Алтайда және Тянь-Шаньның көптеген бөлігінде ғана кездеспейді. Біздің өлкемізде таралған аудандарында бұл құстың жалпы саны онша көп емес.

Қаралақаз жыл құстары болғандықтан қыста Қазақстан жерінде кездеспейді, тек кейбір жылдары аздаған мөлшерде Сырдария өзенінің төменгі сағасында және Келес пен Арыс өзендерінің Сырдарияға құйылысында ғана қыстайды.

Бұл құс Орал, Ақтөбе, Қостанай, Целиноград, Қарағанды, Қызылорда, Талдықорған және Павлодар облыстарында орналасқан ащы көлдер мен өзендерде көбірек ұялайды. Мұнда әсіресе Шалқар-Теңіз, Теке, Селегітеңіз, Теңіз, Қорғалжын, Қызылқақ және Қарасор сияқты ащы көлдерде ұялаған кезде олар көптеп кездеседі. Сондай-ақ қаралақаз барлық жерлерде жазықтықта ұялап жұмыртқа салады. Қыста жылы жаққа қарай ұшқан кезінде олар тұщы көлдер мен өзендерге де қоңыстанады. Бұл кезде әр тобында 5—15-тен, ал кейде бір үйірінде 50-ге дейін болады.